

Білім беру ұйымдары арқылы сырттай байқау әкімшілерін, оңалтуды және конкурстық басқарушыларды дайындау ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті Төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 19 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 21 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4202. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 388 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009.09.18 N 388 бұйрығымен.

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Білім беру ұйымдары арқылы сырттай байқау әкімшілерін, оңалтуды және конкурстық басқарушыларды дайындау ережелері бекітілсін.

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

К Е Л І С І Л Д І :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғы л ым м и н и с т р і

2006 жылғы 30 наурыз

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і

Д ә р м е н с і з б о р ы ш к е р л е р м е н

ж ұ м ы с к о м и т е т і Т ө р а ғ а с ы н ы ң

2 0 0 6 ж ыл ғы 2 0 н а у р ы з д а ғы

N 19 бұйрығымен бекітілген

Білім беру ұйымдары арқылы сырттай байқау әкімшілерін, оңалтуды және конкурстық басқарушыларды дайындау ережесі

Бұл Ереже "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабының 20) тармақшасына сәйкес жасалған және білім беру ұйымдарымен сырттай байқау әкімшілерін, оңалтуды және конкурстық басқарушыларды дайындау тәртібін анықтайды.

1. Бұл ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:
білім беру ұйымы - жоғары кәсіптік білім беру, қосымша кәсіптік білім беру

және біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асыратын жоғары оқу орны; ізденуші - жоғары кәсіптік білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Білім беру ұйымдарымен сырттай байқау әкімшілерін, оңалтуды және конкурстық басқарушыларды дайындау банкроттық рәсімдерінде төлемге қабілетсіз борышкерлердің мүлкі мен ісін басқару бойынша қызметке лицензия алғысы келетін ізденушілердің біліктілігін арттыру мақсатында жүргізіледі. (Z952200 , P010581 , P951894 , P041115)

3. Жоғары экономикалық және жоғары заңгерлік білімі бар мамандарды даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары өз бетімен осы екі жоғары білімнің біреуінің негізінде "Сырттай байқау әкімшілерін, оңалтуды және конкурстық басқарушыларды дайындау" оқу бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) жасайды және белгіленген тәртіпте бекітеді.

4. Бағдарлама 72 (жетпіс екі) оқу сағатынан кем емес және міндетті түрде банкроттық рәсімдерінде төлемге қабілетсіз борышкерлердің мүлкі мен ісін басқару бойынша қызметті жүзеге асыру құқына лицензия беру жөніндегі уәкілетті органмен келісілген болуы тиіс.

5. Бағдарлама бойынша ізденушілерді оқыту жоғары кәсіптік білімі бар мамандардың біліктілігін арттыру түрінде жүргізіледі және оқу қорытындысы бойынша белгіленген үлгідегі сертификатқа ие болады.

6. Сырттай байқау әкімшілер, оңалтуды және конкурстық басқарушылар ретінде жұмыс істеу үшін мамандандырылған білім беру бағдарламалары бойынша магистратура шеңберінде оқуға рұқсат етіледі.

7. Оқу бағдарламасы сағатының жалпы көлемінің 20 %-нан кем емес бөлігі сырттай байқау әкімшілерден, оңалтуды және конкурстық басқарушылардан, сондай-ақ банкроттық рәсімдерінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган қызметкерлерінен тұратын тәжірибелік қызметкерлердің қатыстырылуымен сырттай байқау әкімшілерді, оңалтуды және конкурстық басқарушылардың тәжірибесін үйренуден тұруы қажет.

8. Білім беру ұйымдары :

тәжірибелік қызметкерлерді және уәкілетті орган қызметкерлерін оқытушылық қызметке банкроттық рәсімдерінде төлемге қабілетсіз борышкерлердің мүлкі мен ісін басқару бойынша қызметті жүзеге асыру құқына лицензия беру жөніндегі уәкілетті органмен келісілгеннен кейін қатыстыруы м ү м к і н ;

жыл сайын банкроттық рәсімдерінде төлемге қабілетсіз борышкерлердің мүлкі мен ісін басқару бойынша қызметті жүзеге асыру құқына лицензия беру жөніндегі уәкілетті органға сертификат алған тұлғалардың тізімін жолдайды.

